

Шектеу іс-шараларын алу және Зайсан қала әкімінің 2021 жылғы 02 сәуірдегі № 5 " Зайсан қаласы, Астана көшесі № 100 үйдің ауласындағы мүйізді ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2021 жылғы 2 шілдедегі № 9 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 шілдеде № 23398 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабы 3-тармағына, " Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 04 маусымдағы № 566 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан қаласы, Астана көшесі № 100 үйдің ауласына белгіленген шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Зайсан ауданының Зайсан қаласы әкімінің "Зайсан қаласы, Астана көшесі № 100 үйдің ауласындағы мүйізді ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2021 жылғы 02 сәуірдегі № 5 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8521 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Зайсан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК